

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

**Кептіру машинасы
DEXP DM-F3NGZ/WB**

Мазмұны

Сақтық шаралары.....	5
Құрылғының схемасы	8
Таймер	8
Тасымалдау	8
Орнату.....	9
Кептіруге дайындау.....	10
Кептіруге жарамсыз киім	10
Киім затбелгілеріндегі таңбалар	10
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	11
Алғашқы пайдалану алдында	11
Қосу	11
Сөндіру	11
Кептірудің стандартты уақыты	11
Күтім және қызмет көрсету.....	12
Сорғыш сүзгіні тазалау	12
Есік сүзгісін тазалау	12
Ықтимал проблемалар және олардың шешімі	13
Техникалық сипаттамалары.....	13
Энергия тиімділігі туралы ақпарат.....	14
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары.....	15
Қосымша ақпарат.....	16

Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағыныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Құрылғыны пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтама-лық материал ретінде пайдаланыңыз.

Кептіру машинасы тоқыма бұйымдарын және машинада кептіруге жарамды сыртқы киімдерді кептіру үшін үй шаруашылығында пайдалануға арналған.


Сақтық шаралары

- Кептіру машинасы тек үй-жайдың ішінде ғана пайдалануға арналған.
- Қауіпсіздікке жауапты басқа адамдар бақылауды жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда, құрылғы балалар мен дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат етпеңіз.
- Кептіру машинасын кірді жуу үшін өнеркәсіптік мақсаттағы химиялық заттар пайдаланылған кір үшін пайдалануға болмайды.
- Кептіру машинасының әр немесе бірнеше жұмыс циклынан кейін сүзгіні тазалау қажет.
- Лас кірді машинада кептірмеңіз.
- Ешқашан машинада жанғыш немесе оңай тұтанатын материалдармен (өсімдік майы, ацетон, алкоголь, бензин, керосин, дақ кетіргіштер, скипидар, балауыз, бояу, балауыз кетіретін заттар, шашқа арналған лак) тазаланған, жуылған, малынған немесе ластанған кірді машинада кептірмеңіз, егер ол алдын ала кір жуғыш заттың тиісті мөлшерімен ыстық суда жуылмаған болса. Тоқыма бұйымдарының жеткіліксіз тазалануы кептіру процесі аяқталғаннан кейін немесе кептіру машинасынан шығарылғаннан кейін де кірдің өздігінен тұтануына әкелуі мүмкін.
- Машинада резеңке бұйымдарды немесе резеңке табаны немесе астары бар бұйымдарды, көбікпен, латекспен толтырылған жастықшаларды, пластмасса, полиэтилен және қағаз бұйымдарды, душқа арналған қалпақшаларды, су өткізбейтін бұйымдарды, көп реттік жөргектерді, тыстарды кептірмеңіз.
- Кір жууға арналған кондиционер мен ұқсас күтім құралдарын кондиционерді қолдану жөніндегі нұсқаулықта жазылғандай ғана пайдалану керек.
- Ешқашан кептіру машинасын кептіру циклі аяқталғанға дейін тоқтатпаңыз, егер барлық кір дереу түсіп кетпесе және салқындату үшін ілінбесе.
- Кептіру машинасын жабылатын есіктің артына, жылжымалы есіктің артына, сондай-ақ ашылу бағыты құрылғы есігінің ашылу бағытына қарама-қарсы есіктің артына орнатуға болмайды. Кептіру машинасының үй-жайға орнатылуын есіктің міндетті түрде кедергісіз ашылуын ескере отырып жүргізу керек.

- Құрылғыны пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету кезінде оны ешқандай жағдайда аудармаңыз.
- Кептіру машинасына жанғыш және тез тұтанатын заттардың буы сіңген ауаның кіруне жол бермеңіз. Тұтану қаупі бар!
- Киімді кептіру машинасына салмас бұрын, киімнің қалталарын бөгде заттардан (мысалы, оттықтардан, сіріңкелерден, тиындардан) босатыңыз.
- Егер түктің биіктігі машинаның түбіндегі ауа айналымына кедергі келтірсе, кептіру машинасын ковролинге қоймаңыз.
- Қауіпті жағдайларды болдырмау үшін зақымдалған қуат баусымын өндіруші, оның қызмет көрсету техникалық қызмет көрсету жөніндегі өкілі немесе тиісті біліктілігі бар өзге маман ауыстыруы тиіс.
- Үш жасқа дейінгі балалар кептіру машинасының жанында тек ересектердің қадағалауымен бола алады.
- Орнату толығымен аяқталғаннан кейін ғана құрылғыны қуат көзіне қосыңыз.
- Тазалау немесе техникалық қызмет көрсету алдында кір жуғыш машинаны қуат желісінен ажырату қажет.
- Егер құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаса, оны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Құрылғының есігіне сүйенбеңіз. Жұмыс істеп тұрған кезде балалар мен үй жануарларының құрылғымен тікелей жанасуына жол бермеңіз.
- Электр желісінің кернеуі мен жиілігі құрылғының сипаттамаларына сәйкес келуі керек екеніне назар аударыңыз.
- Кернеуі құрылғының сипаттамаларында көрсетілгеннен төмен электр желісіне құрылғыны қоспаңыз.
- Қуат кабелінің айырына дымқыл қол тигізбеңіз. Қуат баусымын дымқыл қолмен ұстап тартпаңыз.
- Сіздің қауіпсіздігіңіз мақсатында қуат кабелінің ағытпасы жерге тұйықталған екі полюсті розеткаға қосылуы тиіс. Қуат желісінің Сіздің розеткаңыз жерге дұрыс әрі сенімді тұйықталғанын мұқият тексеріңіз және оған көз жеткізіңіз.
- Бұл кептіргіш машина тек үйде ғана қолдануға арналған.
- Қуат баусымының тиісті қорғалуын қамтамасыз етіңіз. Қуат басымын адамдарға және басқа заттарға тимейтіндей және зақымдалмайтындай етіп, жақсы бекітілген болуы қажет. Қуат желісіне ерекше назар аударылуы тиіс. Айыр розеткаға оңай салынуы қажет. Сонымен қатар розетканың орналасқан жеріне және оған қол жеткізу ыңғайлылығына ерекше назар аударылуы қажет.
- Розетканың шамадан тыс жүктелуіне жол бермеңіз және кабельді ұзартпаңыз. Сымды ұзарту өртке немесе электр тоғының соғуына әкелуі мүмкін.
- Кептіру машинасын қатты зақым келтіретін және кепілдіктің күшін жоятын нөлдік температуралардың, судың немесе басқа ауа-рай жағдайларының әсеріне ұшырамайтын бөлмеде орнатыңыз және сақтаңыз.
- Кептіру машинасының айналасында тиісті ауа алмасу қамтамасыз етілуі керек. Ауа алмасу аймағында мамық, шаң мен кірдің жиналмағанын қадағалаңыз. Бітелген тесік себебінен ауа ағынының күші азаятын болады.
- Кірді кептіру машинасына салмас бұрын, оны кір жуғыш машинада мұқият сығыңыз. Осылайша, Сіз кептіруге кететін уақытты, демек электр энергиясын тұтынуды да азайта аласыз.


- Кептіру машинасын қолданар алдында жақын жерде жанғыш заттар мен спрейлер жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Мұндай құрал кездейсоқ ағып кетіп жатса ешқандай жағдайда розеткаға қол тигізбеңіз, «іркіліс» батырмасын басып, машинаның жұмысын тоқтатыңыз.
- Кептіргіш машина зақымдалған болса, шалыс жұмыс істесе, жартылай бөлшектелсе, бөлшектері ақаулы немесе кейбірі жоқ болса, оның ішінде сым мен қуат розеткасы зақымдалған болса, пайдаланбаңыз.
- Бұл құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
- Құрылғыны электр жеткізу желілеріне орнатпаңыз.
- Құрылғы кіріктіруге арналмаған.
- Құрылғыны тік күйінде жылжытыңыз.

Құрылғының сұлбасы




1. Есік.
2. Алдыңғы панель.
3. Таймер.
4. Сорғыш сүзгі.
5. Есік сүзгісі.
6. Корпус.
7. Артқы панель.
8. Сорғыш келтеқұбыр.
9. Желілік баусым.
10. Аяқша.

Таймер



Орнату

- Құрылғыны қолданар алдында барлық орауыш материалдарды алыңыз.
- Құрылғыны пайдалануды бастамас бұрын көрінетін зақымдардың бар-жоғын тексеріңіз. Бұзылған жерлері бар болса, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Сіздің ыңғайлылығыңыз үшін кептіргіш машинаны кір жуғыш машинаның жанына қою ұсынылады.
- Кептіру машинасы таза жерде орнатылуы керек. Ауа құрылғының айналасында еркін айналуы керек. Машинаның артқы жағындағы ауа кіретін тесіктерді жаппаңыз.
- Құрылғыны пайдалану кезінде діріл мен шуды азайту үшін оны қатты және тегіс жерге қою керек.
- Кептіру машинасының аяқшаларын шешпеңіз. Құрылғының астындағы ауаның еркін айналымына кедергі келтіруі мүмкін болады деген кілемге және еденнің басқа түрлеріне құрылғыны орнатпаңыз.
- Құрылғының жұмыс температурасы 5 °С-ден 35 °С дейін.
- Сорғыш келтеқұбырды сызбада көрсетілгендей етіп орнатыңыз.



Кептіруге дайындау

- Киімді кептіру машинасына салмас бұрын, сыдырмаларды, ілмектерді, батырмаларды, түймелерді және т. б. ілмектеңіз.
- Қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін кірді матаның түріне және кептіру режиміне сәйкес сұрыптаңыз.
- Кірді шамадан тыс құрғатпаңыз, себебі бұл матадағы бүктемелерге әкелуі мүмкін.
- Қара киімдерді ашық түсті талшықты бұйымдармен (мысалы, сүлгі) бірге салмаңыз.
- Кептіру алдында заттарды теріс айналдырыңыз.
- Кептіру кезінде трикотаж заттар аздап отырып қалуы мүмкін.
- Кептіруден кейін статикалық электр тоғының пайда болуына жол бермеу үшін жуу кезінде Сіз кондиционер қоса аласыз немесе кептіру машинаға арналған арнайы жұмсартқышты қолдана аласыз.
- Кептіру аяқталғаннан кейін киімді машинадан алыңыз.
- Егер киім әлі ылғал болса, оны 30 минуттан артық кептірмеңіз. Көп қабатты киімге, мысалы, жағалар мен манжеттерге, қосымша кептіру уақыты қажет болуы мүмкін.
- Кептіруден бұрын киімнен барлық металл заттарды (мысалы, түйреуіштер, ілгектер) алыңыз.
- Кептіру алдында киімдерден тұрақты дақтарды арнайы киім жуу құралымен кетіріңіз.

Кептіруге жарамсыз киім

- Жұқа маталардан жасалған киім (шілтер перделері), жүн маталар, жібек, металл бөлшектері бар жасанды материалдар және нейлон бұйымдары.
- Күртеше, төсек жапқыш, көрпе, ұйықтайтын сөмке сияқты ірі бұйымдар және кеуекті резеңкеден жасалған кез-келген киім және т. б.

Киім затбелгілеріндегі символдар



Өнімді кептіру машинасында кептіруге болады



Жоғары температурада кептіру



Төмен температурада кептіру



Кептіру машинасында кептіруге тыйым салынады

Пайдалану жөгіндегі нұсқаулық

Алғашқы рет пайдаланар алдында

- Құрылғыны желіге қосыңыз.
Барабаннан барлық бөгде заттарды алыңыз.
- 30 минут ішінде кептіру үшін барабанға бірнеше дымқыл затты салыңыз.

Қосу

- Құрылғыны қосыңыз және есікті ашыңыз.
- Заттарды барабанға салыңыз және оларды біркелкі таратыңыз.
- Есікті жабыңыз және есік пен алдыңғы панельдің арасында киім кептеліп қалмағанына көз жеткізіңіз.



Сөндіру

- Ыстық ауамен кептіргеннен кейін құрылғы заттарды суық ауамен өңдейді.
- Егер сіз ыстық ауамен кептіру кезінде киімді алып шыққыңыз келсе, алдымен оны салқындату керек.
- Кептіруден кейін киім үйкеліс салдарынан статикалық электр энергиясын шығара алады, бұл қалыпты құбылыс.
- Жұмысты аяқтағаннан кейін құрылғыны сөндіріңіз.

Кептірудің стандартты уақыты

- Мақта мен зығыр: барабанды толығымен толтыруға болады.
- Синтетикалық талшық: киім мөлшері барабан сыйымдылығының жартысынан аспауы керек.
- Жібек пен жүн: киім мөлшері барабан сыйымдылығының төрттен бір бөлігінен аспауы керек.
- Бүктелуге бейім киімнің мөлшерін азайтыңыз.

Киім салмағы, кг	Кептіру уақыты*, мин.
2,5	170
2	140
1,5	110
1	90
0,5	60

*Суық ауамен 20 минуттық кептіруді қосқанда.


Күтім және қызмет көрсету

- Тазалау және қызмет көрсету алдында құрылғыны желіден ажыратыңыз.
- Құрылғының корпусын сүмен және жұмсақ жуғыш затпен тазалаңыз, содан кейін оны мұқият құрғатып сүртіп алыңыз.
- Корпустың сыртқы беттерін тазалау үшін спиртті, еріткіштерді және абразивті заттарды пайдаланбаңыз.
- Есіктің ішкі бетін ластанудан үнемі тазалап отырыңыз.

Сорғыш сүзгіні тазалау

Әр қолданғаннан кейін сүзгіні тазалаңыз:


- Саусақтарыңызды сүзгі корпусының ортасында орналасқан 4 тесіктен ұстап, сүзгіні алыңыз.
- Сүзгі жиынтығы сүзгі корпусынан, негізгі сүзгіден және шығыс сүзгіден тұрады. Оны бөлшектеңіз.
- Жұмсақ щеткамен немесе сүмен сүзгіні ластанудан тазалаңыз.
- Тазалағаннан кейін сүзгіні жинап, орнына орнатыңыз.



Есік сүзгісін тазалау

Сүзгіні ай сайын тазалап отырыңыз:

- Сүзгі корпусының төменгі жиегін ақырын басып, оны алыңыз.
- Мақта сүзгісін сүзгі торынан алыңыз, ластануды шаңсорғышпен немесе сүмен тазартыңыз, сүзгіні құрғатыңыз және орнына орнатыңыз.



Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

Проблема	Ықтимал себебі	Шешімі
Таймер жұмыс істемей тұр	Желіге қосылудың жоқтығы	Құрылғыны электр желісіне қосыңыз
Барабан айналмайды	Электр желісіне қосылудың жоқтығы	Құрылғыны электр желісіне қосыңыз
	Есік ашық	Есікті жабыңыз
Ыстық ауамен кептіру жұмыс істемейді	Таймер суық ауамен кептіруге орнатылған	Таймерді тиісті жайғасымға бұрыңыз
Киім дымқыл болып қалды	Сүзгілер бітелген	Сүзгілерді тазалаңыз
	Жуу кезінде заттар жеткілікті түрде сығылмаған	Заттарды сығыңыз
	Машинаға тым көп киім салынған	Киім санын азайтыңыз

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: DM-F3NGZ/WB.
- Кірді максималды жүктеуі: 2.5 кг.
- Қуат көзі параметрлері: 220-240 В, 50 Гц.
- Номиналды қуаты: 950 Вт.
- Қозғалтқыш қуаттылығы: 140 Вт.
- Барабан көлемі: 42 л.
- Таза салмағы: 16 кг.
- Өлшемдері: 500 x 400 x 600 мм.

Энергия тиімділігі туралы ақпарат

энергетическая эффективность
сушильной машины/кептіргіш
машинаның энергия тиімділігі

Производитель/Өндіруші

DEXP



Модель/Үлгісі

DM-F3NGZ/WB



СРЕДНЕВЗВЕШЕННОЕ
КОЛИЧЕСТВО
ПОТРЕБЛЯЕМОЙ ЭНЕРГИИ
ТҰТЫНЫЛАТЫН
ЭНЕРГИЯНЫҢ ОРТАША
ӨЛШЕМДІ КӨЛЕМІ

185
кВт·ч/год
кВт·с/жыл



Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қояды қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5 °С-ден 40 °С дейінгі температурасында және ауаның 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында қаптамада сақталуы қажет. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы қажет.
- Құрылғының дұрыс тасымалдануын қамтамасыз ету үшін мынадай талаптарды сақтау қажет:
 - ішкі керек-жарақтары болса, олардың барлығын құрылғыдан шығарып, бөлек қаптаңыз;
 - жұмыс қабілетінің және сыртқы түрінің сақталуы үшін құрылғының дұрыс қапталғанына көз жеткізіңіз (ірі габаритті техниканың қиындық туғызатын жерлерін гофрленген қатырмадан жасалған төсемдері бар полиэтилен немесе көпіршекті үлдірге орау қажет);
 - құрылғы көлік құралы ішінде орнынан жылжып кетпеуі үшін оны белдіктермен мықтап бекітіп қойыңыз;
 - сыртқы орта әсеріне мүлде ұшырамас үшін тек жабылған көлікті ғана пайдаланыңыз;
 - тиеу-түсіру жұмыстарын орындау кезінде қаптамамен абайлап жұмыс істеңіз.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққылар, ылғал, от және т. б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратылуға тапсырылуы тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс қолданылмаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорында білуге болады.
- Аспаптың ақаулығын анықтаған кезде авторизацияланған қызмет көрсету орталыққа дереу жүгіну немесе аспапты кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Чжуншань Галанз Консьюмер Электрик Эпплайнсис Ко., Лтд.
Масинь өнеркәсіптік аймағы, Синпу шығыс тас жолы, Хуанпу, Чжуншань қ.,
Гуандун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12,
Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы,
Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы»;
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала хабарлаусыз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.

Интернеттегі адресі: www.dexr.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 24 ай.

Пайдалану мерзімі: 120 ай.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелері және ақысыз қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, бұйым жиынтығына кіретін төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат көзінің элементтері (батареялар).
- Біріктіру кабельдері, антенналар және оларға арналған ұластырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштары, жиынтықта жеткізілетін бағдарламалық қамтым (БҚ) және драйверлер (соның ішінде, бірақ аталғандармен шектелмей, бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ), сыртқы енгізу/шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасуға арналған сымдар, монтаждау жабдықтары, саймандар, бұйымға қоса берілген құжаттама.
- Шығыс материалдар және табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектер.



Өндірушіге мынадай жағдайларда кепілдік міндеттемелер жүктелмейді:

- Кепілдік мерзімі өтіп кеткен.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымның иесі және/немесе үшінші тұлғалар бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу салдарынан, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды, бұйымды қосу (тиісті емес желілік кернеудің бұйымның өзіне де, онымен түйіндес бұйымдарға әсер етуінің нәтижесінде де пайда болған қысқа тұйықталулар), сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан шектен ықтимал материалдық, моральдық және өзге зиян үшін жауапкершілік көтермейді.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: сынықтар, жарықтар, деформациялар, соққылар іздері, майысқан жерлер және бұйымды пайдалану барысында болған т. б. зақымданулар.
- Түрлендірулердің, рұқсат етілмеген жөнделулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізудің іздері бар болса. Егер ақау конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер ақау еңсерілмейтін күш әсерінен (табиғи апаттан, өрттен, су тасқынынан, жер сілкінісінен, тұрмыстық факторлардан және Өндірушіге байланысты емес өзге жағдайлардан), немесе үшінші тұлғалардың Өндіруші болжай алмаған әрекеттерінен туындаған болса. Ақау бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелген бұйымның ішіне бөтен заттар, бөгде денелер, заттектер, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлар түсуінен, агрессивті орталардың, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температуралардың әсерінен туындаған болса.
- Бұйым сәйкестендірілмесе немесе сәйкес келмесе (сериялық нөмірі). Егер ақаулықтар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтымның әсерінен; БҚ жеткізушісінде ұқсас қызметтер ұсынылмауына байланысты, арылту/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз, бұйымның бағдарламалық ресустарына қатынай алмауға әкелетін, құпиясөздерді (кодтарды) орнатудан, ауыстырудан немесе жоюдан туындаған болса.
- Егер жұмыс ақаулары қуат бергіш, кәбілдік желілерінің, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал қуатына сәйкес келмеуінен, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктерінен және басқа ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің қамту шекарасында немесе аймағынан тыс пайдаланудан туындаған болса.
- Егер ақаулықтар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапалы емес (зақымдалған) шығыс материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (CD, DVD дискілерін, жад карталарын, SIM карталарды, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаған болса.
- Егер кемшіліктер үйлесімді емес контентті (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қосымшалары және оларға ұқсас бағдарламалар) алу-дан, орнатудан және пайдаланудан туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істеп тұрған басқа жабдыққа келтірілген шығынға.



www.dexp.club